

«Бауыржан Момышұлы атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ –нің Жас сарбаз сыныптары туралы ақпарат

Мемлекет басшысының оқушылар мен жастар арасында әскери-патриоттық тәрбиені күшейту туралы тапсырмасын орындау үшін, оның ішінде "Жас сарбаз" республикалық балалар-жасөспірімдер әскери-патриоттық қоғамдық қозғалысының өңірлік филиалдарын құру арқылы Қорғаныс Министрлігі басқа мемлекеттік органдармен бірлесіп "Жас сарбаз" балалар-жасөспірімдер әскери-патриоттық қозғалысы" Республикалық қоғамдық бірлестігін құрды.

"Жас сарбаз" қозғалысының жарғысы құрылтайшылардың жалпы жиналысында бекітілді және 2018 жылғы 14 қарашада Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелді.

2018 жылғы 30 қарашада мемлекет басшысы әскери-патриоттық қозғалысты одан әрі дамытуға, өңірлерде "Жас сарбаз" қозғалысының филиалдарын құруға бастама берді.

Мектебімізде 2012 жылдан бастап осы бағытта ашылған ұлан сыныптары Жас сарбаз сыныбы болып ауыстырылды.

Жас Сарбаз» сыныбын ашудағы негізгі мақсатымыз – жасөспірімдерді Ұлттық сана сезімі оянған, мемлекеттің саясатын жоғары құрметтейтін, әскердің қоғамда алатын орнын білетін, ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, эстетикалық талғамы жоғары, темір тәртіпті, қиындықтарды жеңіп шығатын, елінің патриоты болатын тұлға етіп тәрбиелеу.

«Жас сарбаз» сыныптары 5-9-сыныптарды қамтиды. Биылғы оқу жылында 92 сарбаз білім алуда.


Осы уақыт аралығында 135 түлек бітіріп шықты.

«Жас Сарбаз» сыныптарындағы жұмысты тұлға қалыптастыруға бағытталған негізгі рухани тәрбие, дене тәрбиесі, бейіндік тәрбие, зияткерлік тәрбие міндеттерімен келесі бағыттар бойынша іске асыруға болады. Мектебімізде бірнеше жылдан бері осы жүйе негізге алынып, жұмыс жүргізіліп келеді. Сондықтан, кәсіптік бағдар берудің ажырамас, маңызды бөлімі – бәсеке қабілеттілікке негізделген.

«Жас Сарбаз» сыныптарына «Физика», «Ағылшын тілі» курстары енгізілген. «Авиамодельдеу», «Робототехника», «Ұлттық өнер» үйірмелеріне қатысу ұйымдастырылған.

Рухани-патриоттық, эстетика бағыттарындағы тәрбие «Руханият», «Риторика» курстарында әдебиет пен мәдениетті, тарихты оқып-үйрену, даңқты тұлғаларды өмірі мен ерлік жолдарын үлгі ету арқылы іске асырылады. «Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана» деп бағдарламада нақты айтылған. Оқушылардың танымдық, шығармашылық қабілеттерін шыңдай отырып, рухани кемелденуге баули отырып, оларға кәсіптік бағдар беру бірінші кезекте. Ұрпақтар сабақтастығы, ұрпақтардың тарихи байланысы қазіргі және болашақтағы жадымызды қалыптастыратын конструкция ретінде осы жерде қабылдануы тиіс.

Ұландарымызға патриоттық тәрбие берудің нәтижелілігін арттыруда әлеуметтік серіктестіктің ролі ерекше екендігін айта кету керек. Алматы қаласының әскери барлау ардагерлер одағының қоғамдық бірлестігімен әлеуметтік серіктестіктігі аясында жас сарбаздар Алматы қаласындағы Б.Момышұлы атындағы «Жас ұлан» мектебіне, «Арыстан» мамандандырылған лицейіне барып қайтты.



Сонымен қатар, Алматы қаласындағы 177-ші мұсылман батальонының мұражайына экскурсия ұйымдастырылып өткізілді. Аты аңызға айналған адамдың ерліктері туралы өз аузынан есту үшін жашы білім беретін №8 орта мектебінің 16 ұланы арнайы Алматы қаласына барып қайтты. Ауғаныстан соғысының ардагері аты аңызға айналған қазақтың кара майоры Ауған соғысының ардагері, бас штабтың барлау басқармасының арнаулы әскерінің 177 бригадасының командирі Керімбаев Борис Төкенұлымен кездесу өткізіліп, өз аузынан естеліктерін тыңдап қайтты.



Әскери барлау ардагерлер одағының қоғамдық бірлестігінің мүшесі Сасиков Серік Тусуповичтің ұйымдастырумен Аты аңызға айналған генерал Панфиловтың немересі және ұлы композитор Бақытжан Байқадамовтың қызы, қазіргі уақытта Алматыда ҚР Қорғаныс Министрлігі Әскери-патриоттық орталығының Әскери-тарихи мұражайын басқарып отырған Алуа Байқадамовамен кездесу ұйымдастырылды.



№31765, 53898 әскери бөлімдерінде жас сарбаздар тұрақты экскурсияларда болып тұрады, «Боевое братство» қоғамдық ұйымымен байланыс негізінде ұландар үшін далалық жиын, «Алау» әскери-спорттық ойындар ұйымдастырылады. «Әскер» қоғамдық ұйымымен келісім жасау арқылы парашютпен секіру негіздері оқытылады, соның нәтижесінде 4 оқушы Қарағанды, Балқаш қалаларында ұшақтан парашютпен секіріп, сертификаттарға ие болды.





Оқушылар сарайымен меморандум жасасу негізінде сарбаздар «Робототехника», «Кемекұрастыру» үйірмелерінде айналысады.



Сарбаздарды тәрбиелеудегі басты проблемалық мәселе – қосымша бағдарламаларды енгізуге вариативтік бөлімнің сағаттарының аздығы болса, осы серіктестік негізінде аталған проблеманы жеңілдете алдық деп санаймын.


2014 жылдан бері Қарағанды қаласының №58 мектебімен өзара байланыс туралы меморандум жасалып, тәжірибе алмасу жолға қойылса, биылғы жылы Т. Бигелдинов атындағы Қарағанды «Жас ұлан» мектебімен келісімге қол жеткізілді.




Талғат Бигельдиновтың туғанына 100 жыл “Ерлік-елге мұра, ұрпаққа ұран ” Республикалық онлайн конференциянан мектебіміздің Жас сарбаздары жеңіске ие болды.

1. “Көк тудың желбірегені, жанымға қуат береді” әскери патриоттық әндер байқауы - II орын,
2. “Ер есімі-ел есінде” мәнерлеп оқу сайысы-II орын,

3. “Легендарный казахстанский сокол” эссе байқауы орыс тілінде-III орын,
 4.”Қанат ұшқанда қатаяды” сахналық қойылым- “ҮЗДІК АКТЕРЛЫҚ АНСАМБЛІ” номинациясы жеңіп алды.



Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігі күніне орай жасөспірімдер мен жастар арасында патриоттық тәрбиені кеңінен насихаттау, балалардың көркем шығармашылығын, эстетикалық талғамын қалыптастыру мақсатында «Сарбаз сахнасы» атты «Жас сарбаз» сыныптары арасында облыстық әскери-патриоттық байқауы өз мәресіне жетті. «Желтоқсан желі ызғарлы» номинациясы бойынша мектебіміздің Жас сарбаздары жүлделі II орынға ие болды.



Мамандандырылған «Жас ұлан» мектебімен орнатылған байланыс ұландар тәрбиесін жетілдіріп, жұмыстың жаңа формаларын енгізуге себеп болады деген ойдамын.

«Жас сарбаз» сыныбының түлектері бүгінгі күні-

- Ақтөбе қаласында Әуе Қорғаныс институтының;
- Алматы Азаматтық авиация академиясының;
- Петропавл қаласындағы Ұлттық гвардия институтының тыңдаушылары;
- Астана және Қарағанды қаласындағы республикалық «Жас Ұлан» мектептерінің тәрбиеленушілері болып отыр.

Ел дамуына зор үлес қосқан азаматтардың табысқа жету, еліміздің даму жолындағы жетістігін бүгінгі ұрпақпен бөлісу, жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру мақсатында облыстық «Өнегелі өмір» жобасы аясында Бауыржан Мейрханұлымен Жас сарбаздар кездесті.



Жас сарбаз сыныбының жыл сайын соңғы қоңырау салтанатты жиыны өткізіледі. Жас сарбаз сыныбынан білім алып, арнайы бағдарламаларды меңгергені үшін сертификаттары табысталды. Соңғы қоңырау рәсіміне бірқатар қонақтар шақырылады.

1. Балқаш қаласы қорғаныс жөніндегі біріккен бөлімі;
2. №31765, 53898 әскери бөлімдерінің офицерлері;
3. «Боевое братство» ұйымының мүшелері;
4. Мектебіміздің әкелер кеңесінің мүшелері және БАҚ өкілдері келіп қатысады.



Бірнеше жылғы тәжірибе көрсеткендей, «Жас Сарбаз» сыныптарының тиімділігі - жасөспірімдер ерте кезден бастап өздерін қоғамға қалыптастырып, дамуы үшін жұмыс жасайды, өзінің қандай салаға бейімді екенін анықтайды, психологиялық, физикалық дайындығын жетілдіреді, сабақтан тыс уақытта өзіне пайдалы істермен айналысады, шыдамдылық дағдысы қалыптасады, еліміздің Қарулы Күштерінде қызмет етуге дайын болады.

Патриотизмнің мәні мен кәсіптік бағдар берудің мазмұны туралы халқымыздың қаһарман, батыр ұлы Бауыржан Момышұлы да ұлттық рух пен ұлттық патриотизмнің ұлттың ішіндегі асыл белгісі мен қасиеті, өз халқына деген сүйіспеншілігі екенін кесіп айтқан екен. Ұрпақты тәрбиелеуде сан алуан талант пен адами қасиеттерді бір бойына тұтас жинаған Баукеңдей қазақтың нағыз «сегіз қырлы, бір сырлы» азаматының үлгісінде тәрбиелеу де рухани жаңғырудың бір көзі екені анық. Ендеше, Бауыржандай батыр атамның тәрбиедегі қағидасы осы бағдарламамен үндесіп жатқанын көреміз. Сондықтан, сарбаздық білім берудің аясындағы қосымша бағдарламалардың мазмұнында батыр атамның өнегесі бірінші орында тұру керек.

Мектеп директоры



А.Т.Абдуалиева